



18 қыркүйек 2012 ж.

Павлодар қ.

БАСПАСӨЗ - ХАБАРЛАМАСЫ

Қазақстан және Ресейдің аймақаралық іскерлік ынтымақтастығының IX Форумы аясында Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан электролиз зауыты (ENRC құрамына кіреді) базасында салынып жатқан күйдірілген анод өндірісі зауытының іске қосу-реттеу жұмыстарына старт беріп, жаңа өндірістің «Анод күйдіру бөлімшесі» кешенін іске қосты.

Қазақстан электролиз зауыты (ҚЭЗ) базасында республикадағы бірінші қуаттылығы жылына 136 мың тоннаны құрайтын күйдірілген анод өндірісінің құрылысы аяқталуда. Жоба ҚР Индустрияландыру картасына және ENRC инвестициялық бағдарламасына кіреді.

Жаңа кәсіпорын ҚЭЗ алюминий өндірісіне қажетті анодтың жеткілікті көлемімен қамтамасыз етуге мүмкіндік бере отырып, сыртқы жеткізушілерге тәуелді болудан құтқарады. Жоба құны 240 млн долларды құрайды. Бүгінгі күні негізгі жабдықтар құрастырылды, ендігі кезекте – бақылау-өлшеу құралдары мен автоматиканы қондыру және реттеу. Құрылыстың аяқталуы және пайдалануға берілуі 2012 жылдың аяғына жоспарлануда.

Зауыт әлемдік өндірушілердің ең жаңа заманауи жабдықтарымен жабдықталған және 19 стратегиялық маңызы бар нысаннан тұратын инфрақұрылымнан тұрады: кокс қабылдау және кептіру бөлімшесі, пек қабылдау торабы, араластыру-нығыздау цехы, жоғарыорганикалық тасымалдағыш қазандығы және т.б. Өндірістің жоғары экологиялық көрсеткіші жаңа технологиялардың қолданылуымен қамтамасыз етіледі. Мысалы, газтазарту құрылғысының пайдалы әрекетінің коэффициенті 99,5% жетеді.

«Кәсіпорын алюминий өндірісін сапалы анодпен қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар қазақстандық құрамның үлесін айтарлықтай жоғарылатып отыр, мысалы анод шығару барысында Атыраудың қатты қыздырылған мұнай коксы мен Теміртаудың таскөмір пекі пайдаланылуда», – деп ENRC PLC Бас атқарушы директоры Феликс Вулис атап өтті.

Жаңа зауытта 500 жұмыс орны ашылады. Болашақ жұмысшыларды теориялық және практикалық оқытуды қазіргі кездің өзінде Ресейден шақыртылған мамандар жүргізуде. Сонымен қатар, ҚЭЗ профильді оқу орындарымен көпжылғы тығыз іскери ынтымақтастығы Павлодар қ. металлургия мамандықтарымен №7 кәсіптік лицейін, ал Павлодар политехникалық колледжінен – «Анод өндірісі» бөлімін ашуға мүмкіндік берді.

Қосымша ақпарат үшін хабарласыңыз:

ENRC Қазақстан, Астана қ.,
Корпоративтік коммуникациялар департаменті
т/ф. +7 (7172) 59 21 53
press@kz.enrc.com

ENRC PLC, Лондон қ.
Юлия Кальчева
Жұртшылықпен байланыс бөлімі басшысының орынбасары
т/ф. +44 (0) 20 73891861
julia.kalcheva@enrc.com

ENRC PLC туралы

ENRC пайдалы қазбаларды қазып алу және байыту саласында жетекші әртараптандырушы компаниялар тобы болып табылады, ол кен қазып алу, өңдеу, энергетика, көлік және маркетинг кәсіпорындарымен интеграцияланған.

Топтың өндірістік активтері негізінен Қазақстан Республикасында орналасқан және құрамына келесі кәсіпорындар кіреді: «Қазхром» ТҰК, Жәйрем КБК, Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі (ССКӨБ), «Қазақстан алюминийі», Қазақстан электролиз зауыты (ҚЭЗ), Еуразиялық энергетика корпорациясы (ЕЭК), Шұбаркөл Көмір және ENRC Logistics.

Басқа активтер, ең алдымен Өзге түсті металдар бөлімшесі, негізінен Африкада орналасқан және оның ішінде Boss Mining, SMKK және Chambishi Metals PLC компанияларының мыс пен кобальт активтері және Camrose Resources Limited (Camrose) компаниясының 50,5 % акциялары бар.

ENRC сондай-ақ Серов ферроқорытпа зауытына, Бразилиядағы темір рудасын барлау жөніндегі Bahia Minerals BV және Minercao Minas Bahia SA(MIBA) жобаларына, Қытайдағы (Туоли) Xinjiang Tuoli Taihang Ferroalloy Company акциясының 50%-ына және Оңтүстік Африкадағы платина өндіру бойынша көшбасшы болып табылатын Northam Platinum Limited-тің 14,35% акцияларына иелік етеді.

ENRC FTSE 100 тізіміне кіреді. ENRC-де қазіргі уақытта 70 000-нан астам адам жұмыс істейді, оның 65 000-ы Қазақстанда.